

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-86 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 тамызда № 24058 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21831 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларында:

2-тармақта:

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) өнім беруші – қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Кодекстің 7-бабының 62) тармақшасына сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде (бұдан әрі – ТМККК) және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларында (бұдан әрі – сатып алу қағидалары) айқындалған тәртіппен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;"

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) психикалық денсаулық орталығының бір науқасына арналған кешенді тариф – "ДНЭТ" АЖ-ның ННТ және ПНТ кіші жүйелерінде тіркелген бір науқасқа шаққандағы ТМККК шеңберінде психикалық денсаулық орталықтарының ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік қызметтер кешенінің құны;"

25) тармақша алып тасталсын;

30) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"30) түзету коэффициенттері – Кодекстің 7-бабы 64) тармақшасының негізінде бекітілген (бұдан әрі – Тарифтерді қалыптастыру әдістемесі) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тариф белгілеу мақсатында қызметтің есептік құнына қолданылатын коэффициенттер;"

31) тармақшаның орыс тіліндегі мәтіні жаңа редакцияда жазылсын, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

мынадай мазмұндағы 35), 36) және 37) тармақшалармен толықтырылсын:

"35) МСАК субъектілері үшін бекітілген бір адамға жеке қорғаныш құралдарына арналған шығыстардың жан басына шаққандағы нормативі – "БХТ" АЖ-да тіркелген МСАК субъектісіне бекітілген бір адамға жеке қорғану құралдарының (бұдан әрі – ЖҚК) есептік құны;

36) тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне сәйкес МСАК субъектісіне бекітілген қала халқының есептік санына жан басына шаққандағы норматив – МСАК субъектісіне бекітілген қала халқының бір тұрғынына есептелген, МСАК субъектісіне бөлінуге жататын есептік құн;

37) жеке қорғану құралдары – инфекцияны жұқтырудан қорғануға арналған арнайы құрастырылған киім және жабдық.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді қор республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен әкімшінің тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелері мен төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламаларды (ішкі бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларында көзделген қаражат шегінде және (немесе) қордың активтері есебінен, сондай-ақ алдыңғы қаржы жылының соңғы айында ТМККК шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарының негізінде-алдыңғы қаржы жылында ТМККК шеңберінде қызметтерді көрсетуге шарттар жасасқан қызметтер берушілермен ағымдағы қаржы жылының бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлеміне жүргізілген мониторинг ескеріле отырып, жүргізіледі.

Көрсетілген қызметтердің сапасы және көлемінің мониторингі Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 99) тармақшасы негізінде бекітілген ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Сапа мен көлем мониторингінің нәтижелері бойынша медициналық көмек көрсетудің ақаулары анықталады, олар қордың медициналық көмек түрлері мен медициналық қызмет түрлері бойынша ақаулардың бірыңғай жіктеуішіне (бұдан әрі – Бірыңғай ақаулар жіктелімі) сәйкес өнім берушіге төлеуге жататын соманы азайту жолымен айыппұл санкцияларын қолдану үшін негіз болып табылады.";

9-тармақта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілген, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді ;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Қызметтер беруші есепті кезең аяқталған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей басшы немесе өнім берушінің атынан уәкілетті адам қол қойған және қызметтер берушінің мөрімен (ол болған жағдайда) расталған қағаз жеткізгіште немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат түрінде көрсетілген қызметтер үшін шот-тізілімді (шот-тізілімдерді) көрсетілетін қызметтерді сатып алудың әрбір шартына жеке қалыптастырады және қорға береді.

МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері басшы немесе уәкілетті лауазымды адам қол қойған және өнім берушінің мөрімен (ол болған кезде) куәландырылған қағаз жеткізгіште немесе ЭЦҚ қойылған электрондық құжат түрінде автоматтандырылған режимде қалыптастырады және қорға көрсетілген қызметтер үшін шот-тізілімді есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей береді.

Қызметтер беруші шот-тізілімді қолмен немесе автоматтандырылған режимде дұрыс қалыптастырмаған және (немесе) қате деректермен қол қойылған шот-тізілімді қағаз жеткізгіште ұсынған жағдайда, Қор оны алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде өнім берушіге шот-тізілімді қайта қалыптастыру үшін қайтарады.

Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көрсетілген еңсерілмейтін күш мән-жайлары және (немесе) уәкілетті органның хатымен расталған ақпараттық жүйелердегі жаңартулармен байланысты мән-жайлар туындаған жағдайда, Қор еңсерілмейтін күш мән-жайлары жойылғаннан кейін және ақпараттық жүйелердегі жаңартулармен байланысты көрсетілген қызметтер үшін шот-тізілімді қабылдайды.";

17-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы көрсетілетін медициналық көмектің нысанына байланысты қалыптастырылады, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың әрбір шартына жеке-жеке Қор атынан уәкілетті адамы қол қояды және танысу үшін қызметтер берушіге ұсынылады.";

18-тармақтың екінші абзацында "Қордың уәкілетті лауазымды адамы" сөздері " Қордың атынан уәкілетті адам" сөздерімен ауыстырылсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Қағаз жеткізгіштегі төлем құжаттары екі данада, қызметтер беруші және Қор үшін екі данадан қалыптастырылады.

Өнім берушінің АЖ-ға деректерді дұрыс немесе толық енгізбеу фактісі анықталған жағдайда, Қордың келісімі бойынша көрсетілген қызметтер актісі бойынша ақы төлеуді жүзеге асыру сәтіне дейін өнім беруші енгізген АЖ-ға деректерді түзетуге жол беріледі.

"Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "СНЭТ" АЖ) гистологиялық және патоморфологиялық зерттеулердің нәтижелері зерттеу нәтижелерін алу фактісі бойынша енгізіледі.

COVID-19 коронавирустық инфекциясы бар пациенттерді емдеу кезінде көрсетілген қызметтер бойынша деректерді дұрыс емес немесе толық емес енгізу фактісі анықталған жағдайда, деректерді түзетуді келісуді уәкілетті орган жүзеге асырады.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Қол қойылған көрсетілген қызметтердің актілері бойынша ақы төлеуді қор көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей ақшалай қаражатты өнім берушінің екінші деңгейдегі банктегі есеп шотына немесе қызметтер көрсеткені үшін алынған қаражатты есепке алу және жұмсау бойынша банк операцияларын жүргізу үшін ашылған қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына аудару арқылы жүзеге асырады.";

27 және 28-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"27. МӘМС жүйесінде қызметтерді сатып алу шартының қолданылу кезеңінде медициналық қызметтердің сапасы мен көлемі мониторингінің нәтижелері бойынша ұсталған айыппұл санкцияларының, сатып алуға қосылу шартының талаптарына сәйкес өнім берушілер төлеген тұрақсыздық айыбын сомаларын, ағымдағы қаржы жылында медициналық көмек көрсетуге орналастыру үшін Қор пайдалануына жатады.

28. ТМККК шеңберінде медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелері бойынша ұсталған айыппұл санкцияларының сомалары көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданысы кезеңінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтерге ақы төлеу үшін пайдалануға жатады.

ТМККК шеңберінде көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қосылу шартының талаптарына сәйкес есептелген тұрақсыздық айыбын өнім берушілер республикалық бюджет кірісіне есептеуге жатады.";

40 және 41-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Есепті кезеңде жеткізушіге жедел медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы жедел жәрдемнің жан басына шаққандағы нормативін есепті кезеңде жедел жәрдем станциясының қызмет көрсету аумағындағы МСАК ұйымдарына "БХТ" АЖ-да бекітілген халықтың орташа тізімдік санына көбейту жолымен айқындалады.

Есепті кезеңдегі бекітілген халықтың орташа тізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күні үшін жедел жәрдем станциясының қызмет көрсету аумағындағы МСАК ұйымдарына "БХТ" АЖ-да бекітілген халықтың санын қосу және алынған соманы айдың күнтізбелік күндерінің санына бөлу жолымен айқындалады.

Жедел көмектің жан басына шаққандағы нормативі бойынша қызметтер берушіге жедел медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу сомасы көрсетілген қызметтердің көлеміне байланысты болмайды.

41. Жедел медициналық көмек қызметтерін сатып алу шарттарын есепке алуды қор "Бірыңғай төлем жүйесі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "БТЖ" АЖ) қолмен немесе автоматтандырылған режимде жүзеге асырады.";

43 және 44-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Жедел медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді автоматтандырылған қалыптастыру және төлеуге ұсынылатын соманы дұрыс есептеу үшін өнім беруші Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бұйрығымен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың нысандары бойынша деректерді "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған медициналық ақпараттық жүйеде (бұдан әрі – МАЖ) (ол болған кезде) күн сайын дербестендірілген енгізуді қамтамасыз етеді.

44. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жедел медициналық көмек және медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасы (бұдан әрі – жедел медициналық көмек қызметтерін сатып алу шартын орындау хаттамасы) қолмен немесе автоматтандырылған режимде "БТЖ" АЖ-ға енгізіледі.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Өнім берушілердің – бекітілген халыққа амбулаториялық жағдайда алғашқы медициналық-санитарлық көмек және мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің (бұдан әрі – МСАК субъектілері) қызметтеріне ақы төлеу:

1) бекітілген халыққа МСАК көрсеткені;

2) шұғыл шақыртудың 4-санатына қызметтер көрсету үшін бекітілген халыққа тәуліктік кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсеткені;

3) ақуыз мөлшері төмен мамандандырылған емдік өнімдермен және фенилаланин мөлшері төмен өніммен қамтамасыз еткені;

4) бекітілген бір адамға ЖҚҚ-ға арналған шығыстар;

5) қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін МСАК субъектілерін ірілендіру үшін көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген сома шегінде жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 50-1 және 50-2-тармақтармен толықтырылсын:

"50-1. Бекітілген бір адамға ЖҚҚ-ға арналған шығыстар үшін ақы төлеу МСАК субъектілері үшін бекітілген бір адамға ЖҚҚ-ға арналған шығыстардың жан басына шаққандағы нормативі бойынша жүзеге асырылады.

50-2. Ірілендіруге жататын МСАК субъектісіне бекітілген қала халқының саны үшін ақы төлеу ірілендіруге жататын МСАК субъектісіне бекітілген қала халқының есептік санына жан басына шаққандағы норматив бойынша жүзеге асырылады.";

52-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын;

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. АЕК қызметтерін сатып алу шарттарын, сондай-ақ оларға қосымша келісімдерді автоматтандырылған есепке алуды қор "БТЖ" АЖ-да жүзеге асырады.";

56-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) дәрігерлердің қабылдау графигі мен кестесін, дәрігерге қабылдауға жазылу, активтер мен үйге шақырулар бойынша күн сайын МАЖ "Тіркеу бөлімі" модулінде мәліметтерді енгізуді;"

62-тармақ алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 71-1-тармақпен толықтырылсын:

"71-1. Теміржол көлігі базасында жылжымалы медициналық кешендер қызметтерін көрсеткені үшін ақы төлеу бір адамға арналған жылжымалы медициналық кешендер қызметтеріне арналған тариф бойынша (Медициналық поезд базасында) жүзеге асырылады.

Арнайы автокөлік базасында жылжымалы медициналық кешендер қызметтерін көрсеткені үшін ақы төлеу медициналық қызметтерге арналған тарифтер бойынша жүзеге асырылады.";

84-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"84. Бес жасқа дейінгі баланы, сондай-ақ дәрігерлердің қорытындысы бойынша қосымша күтімге мұқтаж ауыр науқас ересек балаларды шұғыл емдеуге жатқызу кезінде атаулы әлеуметтік көмек алушылар, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көп балалы аналар, мүгедек балаға күтімді жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адамдар қатарынан балаға күтімді тікелей жүзеге асыратын анаға (әкеге) сальмонеллезге бактериологиялық зерттеп-қарау, COVID-19 коронавирустық инфекцияға жедел тестілеу және COVID-19 вирусының РНҚ-ны анықтауға диагностикалық зерттеу үшін ақы төлеу бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтімді жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адамдар емделген жағдайдың құнына қосымша тариф бойынша жүргізіледі.";

86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"86. "МҚСБЖ" АЖ-да осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарды алмастыратын, стационарлық жағдайларда және үйде мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді (бұдан әрі – стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсеткені үшін шот-тізілім) автоматтандырылған

түрде қалыптастыру және ақы төлеуге ұсынылатын соманы дұрыс есептеу үшін қызметтер беруші АЖ-да, соның ішінде "Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "СНЭТ" АЖ) мыналарды:

1) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін деректерді күнделікті енгізу және растау.

2) "ДҚЕ" АЖ-да бала күтімі бойынша жиынтықты (дәрі қобдишасын) босатуды күн сайын енгізу;

3) пациент стационардан шығарылған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін стационардан шыққан адамның статистикалық картасын қалыптастыру;

4) есепті кезеңнен кейінгі айдың 30 (отызыншы) күніне дейінгі мерзімде мынадай есептерді қалыптастыру үшін қажетті деректерді енгізу: есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 30 (отызыншы) күніне дейін мынадай есептерді:

осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген стационарды алмастыратын, стационарлық жағдайларда және үйде мамандандырылған медициналық көмек үшін шығыстар құрылымы;

осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарды алмастыратын, стационарлық жағдайларда және үйде мамандандырылған медициналық көмек үшін қызметтеркерлерге сараланған еңбекақы төлеу;

осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарды алмастыратын, стационарлық жағдайларда және үйде мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге аванстың жоспарлы сомасын бөлу;

осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарды алмастыратын, стационарлық жағдайларда және үйде мамандандырылған медициналық көмек үшін кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау туралы ақпаратты қалыптастыру үшін қажетті деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

"СНЭТ" АЖ-да осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген ақпарат болмаған жағдайда, қызметтер берушіге ағымдағы есепті кезең үшін стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді қалыптастыру көрсетілген ақпаратты енгізгенге дейін жүргізілмейді.

Қызметтер беруші қордың сұрау салуы бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген қалыптастырылған ақпараттың негізде бастапқы бухгалтерлік құжаттардың көшірмелерін ұсынады.";

91-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"91. Сызықтық шкала қолданылмайды:

1) облыстық және қалалық босандыру ұйымдарына;

2) емделіп шығу жағдайларының 45 (қырық бес) пайызы және одан астам босандыру үлесімен босандыру қызметтерін көрсететін көпбейінді стационарларға;

3) емделіп шығу жағдайларының 45 (қырық бес) пайызы және одан астам 1 (бір) жасқа дейінгі балалар үлесімен 1 (бір) жасқа дейінгі балаларға қызметтер көрсететін стационарларға, оның ішінде республикалық денсаулық сақтау ұйымдарына;

4) емделіп шығу жағдайларының 45 (қырық бес) пайызы және одан астам 1 (бір) жасқа дейінгі балалар мен босандыру қызметтерінің жиынтық үлесімен 1 (бір) жасқа дейінгі балаларға қызметтер және босандыру қызметтерін көрсететін стационарларға, оның ішінде республикалық денсаулық сақтау ұйымдарына;

5) стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда көрсетілген гемодиализ және перитонеалдық диализ қызметтеріне;

6) ақы төлеу осы тараудың 4-параграфына сәйкес жүзеге асырылатын онкологиялық аурулары бар балаларға көрсетілетін қызметтерге;

7) онкологиялық науқастарға және туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсететін республикалық денсаулық сақтау ұйымдары ұсынатын қызметтерге;

8) осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес 10-аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық сыныптамасының кодтары бойынша лимфоидты және қан өндіру тіндерінің, қан өндіру органдарының қатерлі ісіктерінің тізбесі бойынша лимфоидты және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктерімен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және " University Medical Center" корпоративтік қоры көрсететін қызметтерге;

9) жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерге;

10) тәуліктік стационар деңгейінде инфекциялық бейін төсектеріндегі инфекциялық аурулармен ауыратын науқастарға көрсетілетін қызметтерге қолданылмайды.";

99-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"99. COVID-19 расталған немесе COVID-19 күдігі бар анадан пациенттер мен жаңа туған нәрестелерді шұғыл емдеуге жатқызу кезінде COVID-19 коронавирустық инфекцияға жедел тестілеу және COVID-19 вирусының РНҚ анықтауға диагностикалық зерттеу үшін ақы төлеу тариф бойынша емделген жағдайдың құнына қосымша жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 99-1-тармақпен толықтырылсын:

"99-1. Төтенше жағдайдың қолданылу кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекциясын емдеу жағдайларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында COVID-19 коронавирустық инфекциясына қарсы күрес шеңберінде іс-шараларды жүзеге асыру кезеңінде тәуліктік стационарларда қосалқы диагноз ретінде негізгі диагноздың КШТ бойынша емделген жағдай құны бойынша және:

1) қатар жүретін COVID-19 коронавирустық инфекциясының ауырлық дәрежесіне сәйкес тариф бойынша – қызметтер кешенінің, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың (бұдан әрі – ДЗ және МИ) құнын;

2) экстракорпоралдық мембраналық оксигенация көрсеткені үшін – ДЗ, МИ және медициналық қызметтерге нақты жұмсалған шығыстар үшін;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың резервтері және басқа да көздер есебінен өтеусіз негізде алынған вирусқа қарсы препараттарды қоспағанда, вирусқа қарсы препараттармен вирусқа қарсы препараттардың Кодекстің 7-бабының 95) және 96) тармақшаларына сәйкес уәкілетті орган айқындаған шекті құнынан аспайтын вирусқа қарсы препараттардың нақты (сатып алу) құны бойынша қамтамасыз еткені үшін;

4) ауыр емдеу жағдайларында ультра гемофилтрация жүргізгені үшін – тарифтер бойынша төленеді.";

100-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"100. Төтенше жағдай қолданылатын кезеңде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында COVID-19 коронавирустық инфекциясына қарсы күрес шеңберінде іс-шараларды жүзеге асыру кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау және (немесе) COVID-19 коронавирустық инфекциясымен ауыратын науқастарды емдеу жөніндегі қызметтерді көрсеткені үшін ақы төлеу:

1) шығын сыйымдылығы коэффициентін ескере отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін;

2) COVID-19 күдік болған кезде карантиндік стационарларда оқшаулау кезінде 1 (бір) төсек-күн үшін тариф бойынша емделіп шығу жағдайы үшін;

3) экстракорпоралдық мембраналық оксигенация үшін - ДЗ, МБ мен медициналық қызметтерге нақты келтірілген шығыстар үшін;

4) COVID-19 коронавирустық инфекциясымен күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге тартылған денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің жалақысына үстемеақы төлеу үшін және (немесе) төтенше жағдай қолданылатын кезеңде медициналық көмек көрсеткені үшін денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің жалақысына үстемеақылар;

5) асқынған өкпе гипертензиясын емдеу кезінде азот монооксидін (газдық қоспасының құның ескере отырып) қолданған жағдайда – тариф бойынша.

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың резервтері және басқа да көздер есебінен өтеусіз негізде алынған вирусқа қарсы препараттарды қоспағанда, вирусқа қарсы препараттармен вирусқа қарсы препараттардың Кодекстің 7-бабының 95) және 96) тармақшаларына сәйкес уәкілетті орган айқындаған шекті құнынан аспайтын вирусқа қарсы препараттардың нақты (сатып алу) құны бойынша шекті бағасынан аспайтын нақты (сатып алу) құны бойынша қамтамасыз еткені үшін; COVID-19 коронавирустық инфекциясымен күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыру кезеңінде денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің жалақысына үстемеақы төлеу үшін және (немесе) төтенше жағдай

қолданылатын кезеңде медициналық көмек көрсеткені үшін Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің жалақысына үстемеақылар төлеу үшін ақы төлеу осы Қағидаларға 21, 26 және 29-қосымшаларға сәйкес нысандар негізінде жүзеге асырылады.";

110-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"110. Босанғаннан және (немесе) түсіктен кейін ауыр жағдайдағы әйелдерге мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу осы Қағидалардың 108-тармағында айқындалған нақты жұмсалған шығыстар үшін жүзеге асырылады.";

119-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қордың және өнім берушінің атынан уәкілетті тұлғалар қол қойған салыстырып тексеру актісі.";

141-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"141. МӘМС жүйесінде тіркелген ауыл халқына стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда және үйде мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеу 4-тараудың 2-параграфына сәйкес жүзеге асырылады.";

143-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысандары бойынша АЖ-ға деректерді күн сайын енгізу және растау.";

147-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"147. COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуын болдырмау және (немесе) COVID-19 коронавирустық инфекциясымен ауыратын науқастарды емдеу жөніндегі қызметтер үшін ақы төлеу төтенше жағдай кезеңінде, сондай-ақ COVID-19 коронавирустық инфекциясымен күрес шеңберінде іс-шараларды жүзеге асыру кезеңінде COVID-19 расталған немесе COVID-19 күдігі бар анадан пациенттер мен жаңа туған нәрестелерді шұғыл емдеуге жатқызу кезінде COVID-19 коронавирустық инфекцияға жедел тестілеу үшін талдау және COVID-19 вирусының РНҚ-ны анықтауға диагностикалық зерттеу үшін жүзеге асырылады.";

178-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін деректерді күнделікті енгізу және растау;"

мынадай мазмұндағы 203-1-тармақпен толықтырылсын:

"203-1. Пациенттерді шұғыл емдеуге жатқызу кезінде COVID-19 коронавирустық инфекцияға жедел тестілеу және COVID-19 вирусының РНҚ анықтауға диагностикалық зерттеу үшін ақы төлеу психикалық денсаулық орталықтарының бір науқасқа арналған кешенді тарифіне қосымша жүзеге асырылады.";

213-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін деректерді күнделікті енгізу және растау;"

224-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"224. ПАБ қызметтерін көрсеткені үшін шот-тізілімді автоматтандырылған қалыптастыру кезінде ақы төлеуді және төлеуге ұсынылған соманы дұрыс есептеуді жүргізу үшін:

патологоанатомиялық диагностика қызметтері бойынша:

1) стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі пациенттің биологиялық қайтыс болғаны анықталған күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысаны бойынша деректерді патологиялық-анатомиялық диагностика қызметтерін берушіге қолжетімді болатын "СНЭТ" АЖ-ға енгізуді қамтамасыз етеді;

2) ӨАБ № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысаны бойынша деректерді "СНЭТ" АЖ және "БПС" АЖ интеграциясы болған кезде зертханалық ақпараттық жүйеде (бұдан әрі – ЗАЖ) күнделікті енгізуді және растауды қамтамасыз етеді;

патогистологиялық диагностика қызметтері бойынша:

1) денсаулық сақтау субъектісі № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысанына қосымша параққа сәйкес амбулаториялық деңгейде жүргізілетін гистологиялық зерттеуге жолдаманы "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-ға енгізеді;

2) ӨАБ № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына бұйрығына сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысаны бойынша деректерді "БТЖ" АЖ-мен интеграцияланған МАЖ-ға немесе ЗАЖ-ға күн сайын енгізуді және растауды қамтамасыз етеді.;

3) ПАБ жүргізілген гистологиялық зерттеулердің саны және олардың санаттары туралы МАЖ-да немесе ЗАЖ-да статистикалық есепті қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

4) есепті кезең үшін бастапқы бухгалтерлік құжаттар негізінде "БТЖ" АЖ-да бухгалтерлік есеп туралы ақпаратты қалыптастыру;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін қызметтер берушінің бастапқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезіндегі кірістер құрылымы;

осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін қызметтер берушінің бастапқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезіндегі шығыстар құрылымы;

осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін қызметтер берушінің бастапқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайларда

мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеу қағидалары;

осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін қызметтер берушінің бастапқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;

осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бастапқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде аванстың жоспарлы сомасын бөлу;

5) осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген есептерді қалыптастыру үшін қажетті деректерді енгізу есепті кезеңнен кейінгі айдың 30 (отызыншы) күніне дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

"БТЖ" АЖ-да осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген ақпарат болмаған жағдайда, өнім берушіге ағымдағы есепті кезеңде МСАК қызметтерін көрсеткені үшін шот-тізілімді қалыптастыру көрсетілген ақпарат енгізілгенге дейін жүргізілмейді.

Өнім беруші Қордың сұрау салуы бойынша осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген ақпаратты қалыптастыруды жүзеге асыруға негіз болған бастапқы бухгалтерлік құжаттардың көшірмелерін ұсынады.";

229-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"229. Қан орталықтары № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттама негізінде осы Қағидаларға 83 – қосымшаға сәйкес нысан бойынша қанды және оның компоненттерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру бойынша көрсетілген қызметтердің шот-тізілімін (бұдан әрі-қан препараттары қызметтерін көрсетудің шот-тізілімі) қол режимінде қалыптастырады.";

232 және 233-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"232. Қор осы Қағидаларға 84-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қанды және оның компоненттерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасын қолмен режимде қалыптастырады.

233. Осы 85-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қан мен оның компоненттерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру бойынша көрсетілген қызметтер актісін қор қан препараттарымен және оның компоненттерімен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді сатып алу шартын орындау хаттамасының негізінде қол режимінде қалыптастырады."

көрсетілген Қағидаларға 4, 9, 10, 11, 16, 17, 20, 21, 26, 28, 29, 30, 31, 53, 60, 61, 74, 83, 84 және 85-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 және 20-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он тоғызыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, елу бірінші, елу екінші, елу үшінші, елу төртінші, елу бесінші, елу алтыншы, елу жетінші, елу сегізінші, елу тоғызыншы, алпысыншы, сексен төртінші, сексен бесінші, сексен алтыншы, сексен жетінші, сексен сегізінші, сексен тоғызыншы, тоқсаныншы, тоқсан бірінші, тоқсан екінші, тоқсан үшінші, тоқсан төртінші, тоқсан бесінші, тоқсан сегізінші, тоқсан тоғызыншы, жүзінші, жүз бірінші, жүз екінші, жүз үшінші, жүз төртінші, жүз бесінші, жүз алтыншы, жүз жетінші, жүз сегізінші, жүз тоғызыншы, жүз оныншы, жүз он бірінші, жүз он екінші абзацтарды қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі*

А. Цой

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 20 желтоқсандағы

Өнім берушінің басшысы (уәкілетті лауазымды тұлға): _____/_____

(Аты, әкесінің аты, тегі, (бар болса)/қолы)

(қағаз жеткізгіштегі шот-тізілім үшін)

Өнім берушінің бас бухгалтері: _____/_____

(Аты, әкесінің аты, тегі, (бар болса)/қолы)

(қағаз жеткізгіштегі шот-тізілім үшін)

Мөрдiң орны (болған жағдайда/қағаз жеткізгіштегі шот-тізілім үшін)

Күні 20__ жылғы “__” _____

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 20 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығына
өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы" бұйрығына
2-қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдендік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберіндегі Денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларына
9-қосымша

Нысан

Алғашқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек кешенін көрсеткені үшін көрсетуге арналған шот-тізілім 20__ жылғы “__” _____ № _____ кезеңі: 20__ жылғы “__” _____ және 20__ жылғы “__” _____ аралығында 20__ жылғы “__” _____ № _____ шарт бойынша

Қаржыландыру көзі: _____

Қызмет берушінің атауы: _____

Бюджеттік бағдарламаның атауы: _____

Бюджеттік кіші бағдарламаның атауы: _____

Бекітілген халық саны _____ адам

оның ішінде ауыл халқы _____ адам*

“БХТ” порталында тіркелген бір адамға арналған МСАК-тың базалық кешенді жан басына шаққандағы нормативі, айына _____ теңге;

“БХТ” порталында тіркелген бір адамға арналған МСАК-тың базалық кешенді жан басына шаққандағы нормативі, айына (ауыл) _____ теңге *

КЖБН бойынша ақы төлеу кезіндегі түзету коэффициенттері**:

Жыныстық-жас шамасы бойынша түзету коэффициенті _____;

Халық тығыздығы коэффициенті _____;

Ауылдық жерде жұмыс істегені үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті;

Жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті _____;

Экологиялық апат аймағында жұмыс істегені үшін коэффициент _____;

Кешенді жан басына шаққандағы нормативке енгізілмеген консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсеткені бойынша ақы төлеу кезіндегі түзету коэффициенттері**:

Ауылдық жерде жұмыс істегені үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті;

Жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті _____;

Экологиялық апат аймағында жұмыс істегені үшін коэффициент _____;

Халықаралық бірлескен комиссияның стандарттары бойынша (ЖСІ, АҚШ) аккредиттеуден өткені туралы куәлігі бар медициналық ұйымдарға арналған тарифі _____;

Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына медициналық қызметтер көрсететін медициналық ұйымдар үшін түзету коэффициенті _____.

“БХТ” порталында тіркелген бекітілген бір адамға амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив, айына: ____ теңге, оның ішінде:

МСАК субъектісіне “БХТ” порталында тіркелген бір бекітілген адамға арналған МСАК кешенді жан басына шаққандағы нормативінің кепілдік берілген компоненті, айына _____ теңге;

МСАК субъектісіне “БХТ” порталында тіркелген бір бекітілген адамға ЖБНЫК сомасы, айына _____ теңге.

“БХТ” порталында тіркелген бір бекітілген адамға арналған ауыл халқына медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив, айына (ауыл): ____ теңге*, оның ішінде:

ауыл субъектісіне “БХТ” порталында тіркелген бір бекітілген адамға арналған МСАК кешенді жан басына шаққандағы нормативінің кепілдік берілген компоненті, айына: _____ теңге*;

МСАК субъектісіне “БХТ” порталында тіркелген бір бекітілген адамға ЖБНЫК сомасы, айына _____ теңге.

МСАК субъектісіне “БХТ” АЖ-да тіркелген бір бекітілген адамға шұғыл көмек (бұдан әрі - ШК) көрсетуге арналған базалық жан басына шаққандағы норматив _____ теңге;

МСАК субъектісіне “БХТ” АЖ - да тіркелген, бекітілген бір адамға шұғыл көмек көрсетуге арналған жан басына шаққандағы норматив _____ теңге;

Айына бір оқушыға ШМ көрсетуге арналған жан басына шаққандағы норматив _____ теңге

Оқушылар саны _____ адам

Айына бекітілген бір адамға ЖҚҚ арналған шығыстардың жан басына шаққандағы нормативі

БМСК медициналық ұйымына бекітілген қала халқының есептік санына базалық жан басына шаққандағы норматив, _____ теңге

БМСК медициналық ұйымына бекітілген қала халқының есептік санына жан басына шаққандағы норматив, _____ теңге

№ 1 кесте. Бастапқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсеткені үшін ақы төлеуге ұсынылатын соманы есептеу

р/с №	Атауы	А қы төлеуге ұсынылды (теңге)
1	2	3
1.	Бекітілген халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсету үшін жиыны, оның ішінде:	
1.1.	амбулаториялық-емханалық көмек көрсету үшін:	
1.2.	медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйым қызметкерлерін бағалау индикаторлары негізінде олардың қызметінің қол жеткізілген түпкілікті нәтижелері үшін ынталандыруға	
1.3.	емдік ақуызы төмен азық-түлікпен және құрамында фенилаланин аз азық-түлікпен қамтамасыз ету	
1.4.	шұғыл көмек көрсетуге арналған сома	
1.5.	қатерлі ауруларды ерте анықтауға скринингтік тексеру жүргізу үшін	
1.6.	бекітілген бір адамға ЖҚҚ шығыстары үшін	
1.7.	қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін МСАК субъектілерін ірілендіруге арналған шығыстар үшін	
1.8.	амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативке енгізілмеген консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсеткені үшін, оның ішінде:	
1.8.1.	консультациялық-диагностикалық қызметтер (1 бекітілген тұрғынға арналған КДҚ кешені)	

1.8.2.	зейнеткерлерге және әскери қызметшілердің, құқық қорғау және мамандандырылған мемлекеттік органдардың отбасы мүшелеріне көрсетілетін қызметтер	
1.8.3.	ұйымдарда оқушыларға медициналық қызмет көрсету	
1.8.4.	арнайы көлік құралының негізінде жылжымалы медициналық кешендер қызметтері	
1.8.5.	темір жол көлігі негізінде жылжымалы медициналық кешендердің көрсетілетін қызметтеріне	
1.8.6.	маманның жолдамасы бойынша онкологиялық ауруларға күдікті пациенттер үшін диагностикалық зерттеулердің қымбат тұратын түрлерін жүргізгені үшін (КТ, МРТ)	
1.8.7.	травматологиялық бөлімшелердегі қызметтер	
1.8.8.	тері-венерологиялық диспансерлердегі (және/немесе көп бейіндік ауруханалар жанындағы бөлімшелерде) қызметтер	
1.8.9	Республикалық денсаулық сақтау ұйымдарындағы қызметтер	
1.8.10	жастар денсаулық орталықтарының қызметтері	
1.9.	амбулаториялық деңгейде үшінші кезеңді медициналық оңалтуды жүргізгені үшін	
1.10.	COVID-19 коронавирусы таралуының алдын алу және (немесе) COVID-19 коронавирусымен ауыратын науқастарды емдеу жөніндегі қызметтерді көрсету: полимеразды тізбектік реакция әдісі арқылы биологиялық материалдан COVID-19 вирусының РНҚ-сын анықтауға	
1.11.	COVID-19 коронавирусымен күресс шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылған медицина қызметкерлерінің жалақысына үстемеақы	
1.12	Мобильді бригада қызметтері	
1.13.	маманның жолдамасы бойынша онкологиялық ауруларға күдікті пациенттер үшін диагностикалық зерттеулердің қымбат тұратын түрлері (ПЭТ)	

№ 2 кесте. Көрсетілген патогисталогиялық диагностика қызметтері үшін ақы төлеуге қабылданатын соманы есептеу.

р/с №	Атауы	Қызметтер саны	Қызмет құны	Ақы төлеуге ұсынылды (теңге)
1	2	3	4	5
1.	Патогисталогиялық диагностика көрсету бойынша жиыны, оның ішінде:			
Жиыны ақы төлеуге				

№ 3 кесте. Патологоанатомиялық диагностиканың (биологиялық материалды алу және оның гистологиялық, цитологиялық және өзге де зерттеулер) көрсетілген қызметтерін көрсеткені үшін ақы төлеуге қабылданатын соманы есептеу

/с №	Қызметтердің атауы	Қызметтер саны	сомасы, теңге	Төлеуге ұсынылды (теңге)
1	2	3	4	5
1.	Патогисталогиялық диагностика көрсету бойынша жиыны, оның ішінде:			

Қызмет берушінің басшысы (уәкілетті лауазымды адам): _____ / _____

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы)

(қағаз жеткізгіштегі құжат үшін)

Қызмет берушінің бас бухгалтері: _____ / _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/қолы)

(қағаз жеткізгіштегі құжат үшін)

Мөрдің орны (бар болса)/(қағаз жеткізгіштегі құжат үшін)

Күні 20 __ жылғы “ _____ ” _____

Осы шот-тіркелімге мынадай қосымшалар қоса беріледі:

1) алғашқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек кешенін көрсеткені үшін көрсетуге арналған шот-тізілімге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша “Бекітілген халық тіркелімі” порталының деректері бойынша бекітілген халық санының динамикасы мен құрылымы туралы деректер;

2) алғашқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек кешенін көрсеткені үшін көрсетуге арналған шот-тізілімге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі қызметінің қол жеткізілген түпкілікті нәтиже индикаторлары үшін қызметкерлерді ынталандыруға ұсынылған соманы есептеу;

3) алғашқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек кешенін көрсеткені үшін көрсетуге арналған шот-тізілімге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген медициналық-санитариялық алғашқы көмек қызметтерінің тізілімі;

4) алғашқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек кешенін көрсеткені үшін көрсетуге арналған шот-тізілімге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша амбулаториялық емханалық көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативке енгізілмеген көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтер тізілімі;

5) алғашқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек кешенін көрсеткені үшін көрсетуге арналған шот-тізілімге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірлесіп орындаушыны тартпай көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтердің тізілімі;

6) алғашқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек кешенін көрсеткені үшін көрсетуге арналған шот-тізілімге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірлесіп орындаушыны тарта отырып көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтердің тізілімі;

7) алғашқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек кешенін көрсеткені үшін көрсетуге арналған шот-тізілімге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 6-дан 17 жасқа дейінгі балаларға көрсетілген консультациялық-диагностикалық қызметтердің тізілімі;

8) алғашқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек кешенін көрсеткені үшін көрсетуге арналған шот-тізілімге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 10 санаттағы шұғыл медициналық көмекті шақыру тізілімі;

9) алғашқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек кешенін көрсеткені үшін көрсетуге арналған шот-тізілімге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша емдік ақуызы төмен өнімдермен және құрамында фенилаланин аз өнімдермен қамтамасыз ету жөніндегі тізілім;

10) алғашқы медициналық-санитариялық көмек және амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек кешенін көрсеткені үшін көрсетуге арналған шот-тізілімге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша COVID-19 коронавирусы таралуының алдын алу және (немесе) COVID-19 коронавирусымен ауыратын науқастарды емдеу жөніндегі қызметтерді көрсеткені үшін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлерін көтермелеу бойынша тізілім;

Ескертпе:

* - деректерді ауылдық жерде тұратын тіркелген халқы бар жеткізушілер енгізеді;

** - КДҚ көрсететін нақты денсаулық сақтау субъектісіне қолданылатын түзету коэффициенттері көрсетіледі.

Алғашқы медициналық-
санитариялық көмек және
амбулаториялық жағдайда
мамандандырылған
медициналық көмек кешенін
көрсеткені үшін көрсетуге
арналған шот-тізілімге
1-қосымша

Нысан

“Бекітілген халық тіркелімі” порталының деректері бойынша бекітілген халық санының динамикасы және құрылымы туралы деректер кезең: 20 ___ жылғы “___” _____ бастап 20 ___ жылғы “___” _____ дейін

№1 кесте. бекітілген халық санының динамикасы адам

p/c №	Есепті кезеңнің басында бекітілген халықтың саны	Бекітілген халықтың саны		Есепті кезеңнің соңында
		Жиыны	Оның ішінде себептері бойынша	
		Жиыны		

			оның ішінде еркін таңдау бойынша		Еркін таңдау бойынша бас тарту	жиыны	бару	бекітілген халықтың саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.								

№2 кесте. Есепті кезеңнің соңында бекітілген халықтың санының жыныстық-жастық құрылымы адам

р/с №	жасы	Бекітілген халықтың санының жиыны	Оның ішінде:	
			Ерлер	әйелдер
1	2	3	4	5
1.	0-12 ай			
2.	12 ай - 4 жыл			
3.	5-9 жыл			
4.	10-14 жыл			
5.	15-19 жыл			
6.	20-29 жыл			
7.	30-39 жыл			
8.	40-49 жыл			
9.	50-59 жыл			
10.	60-69 жыл			
11.	70 жас және одан асқан			
	Жиыны			

Растаймыз:

1) есепті кезеңде бекітілген халықтың санына мыналарға сәйкес келеді:

жаңа туған нәрестелер бойынша: босандыру жеткізушісі берген туу туралы медициналық куәліктердің және (немесе) әділет органдарында тіркелген туу туралы куәліктердің саны

еркін таңдау бойынша: азаматтардың өтініштерінің және олардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерінің санына;

аумақтық бөлу бойынша: (денсаулық сақтау басқармасының бұйрығын көрсету;)

2) тіркеуден шығарылған халықтың санына сәйкес келеді:

қайтыс болу бойынша: қайтыс болу/перинаталдық өлім туралы анықтамалардың санына;

елден тыс жерге шығу бойынша: азаматтардың өтініштерінің және олардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерінің санына

Қызмет берушінің басшысы (уәкілетті лауазымды тұлға): _____ / _____

(Аты, әкесінің аты, тегі, (бар болса)/Қолы)

(қағаз жеткізгіштегі шот-тізілім үшін)

Қызмет берушінің бас бухгалтері: _____ / _____

(Аты, әкесінің аты, тегі, (бар болса)/Қолы)

(қағаз жеткізгіштегі шот-тізілім үшін)

Мөрдiң орны (болған жағдайда/ (қағаз жеткізгіштегі шот-тізілім үшін)

Күні 20__ жылғы “__” _____

Алғашқы медициналық-
санитариялық көмек және
амбулаториялық жағдайда
мамандандырылған
медициналық көмек кешенін
көрсеткені үшін көрсетуге
арналған шот-тізілімге
2-қосымша

Нысан

